Бианли препаратын қолдану кезінде дене салмағының едәуір артуы туралы хабарламалар болды. Дене салмағын үнемі бақылап отыру керек (4.8 бөлімін қараңыз).

Пролактинге тәуелді ісіктері бар пациенттерде қолданылуы

Зерттеулерге сәйкес тін өсірінділерінде пролактин адамның сүт безі ісіктерінде жасушалық өсуді стимуляциялауы мүмкін. Қазіргі кездегі клиникалық және эпидемиологиялық зерттеулер нейрорептиктиктерді қолданумен өзара байланысын растамағанына қарамастан тиісті анамнезі бар пациенттерді емдеу кезінде сақ болу ұсынылады. Палиперидонды пролактинге тәуелді болуы мүмкін ісіктері бар пациенттерде сақтықпен қолдану керек.

Ортостатикалық гипотензия

Кейбір пациенттерде палиперидон ортостатикалық гипотензияны туындатуы мүмкін, бұл оның альфа-адренорецепторларды бөгеу қабілетіне негізделген. Бианли препаратын расталған жүрек-қантамыр ауруларына (мысалы, жүрек жеткіліксіздігі, миокард инфарктісі

немесе ишемия, өткізгіштіктің бұзылуы), цереброваскулярлық ауруларға шалдыққан немесе гипотензияға бейім жай-күйлері бар (мысалы, дегидратация және гиповолемия) пациенттерде сақтықпен қолдану керек.

Құрысулар

Бианли препаратын анамнезінде құрысулары бар және құрысу белсенділігінің шегін ықтимал төмендететін басқа да жай-күйлері бар пациенттерде сақтықпен қолдану керек.

Бүйрек жеткіліксіздігі

Бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде палиперидонның плазмалық концентрациясы жоғарылайды. Бүйрек функциясының жеңіл бұзылулары бар (креатинин клиренсі ≥ 50 мл/мин-ден ≤ 80 мл/мин-ге дейін), 1 айлық немесе 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитатымен емдеуде тұрақты жағдайға жеткен пациенттер Бианли препаратына ауыса алады (4.2-бөлімді қараңыз). 1000 мг дозада Бианли препаратын бүйрек функциясының жеңіл бұзылулары бар пациенттерде қолдану ұсынылмайды. Бианли препаратын орташа немесе ауыр дәрежедегі бүйрек функциясы (креатинин клиренсі < 50 мл/мин) бұзылған пациенттерде қолдану ұсынылмайды (4.2 және 5.2-бөлімдерді қараңыз).

Бауыр жеткіліксіздігі

Бауырдың ауыр жеткіліксіздігіне шалдыққан пациенттерде (Чайлд-Пью бойынша C класы) қолдану жөніндегі деректер жоқ. Мұндай пациенттерде палиперидонды қолданған кезде сақтық таныту ұсынылады.

Деменцияға шалдыққан егде жастағы пациенттер

Бианли препаратын қолдану деменцияға шалдыққан егде жастағы пациенттерде зерттелмеген. Жалпы өлім-жітім қаупі жоғары және цереброваскулярлық жағымсыз реакциялар салдарынан деменциямен ауыратын егде жастағы пациенттерді емдеу үшін Бианли препаратын қолдану ұсынылмайды.

Төменде баяндалған рисперидонды қолдану арқылы алынған тәжірибе палиперидонға да тең дәрежеде қолданылады.

Жалпы өлім-жітім

17 бақыланатын клиникалық зерттеулердің мета-талдау нәтижелері бойынша деменцияға шалдыққан егде жастағы пациенттерде басқа атипті антипсихотиктерді, оның ішінде рисперидонды, арипипразолды, оланзапинді және кветиапинді қолдану плацебомен салыстырғанда өлім қаупінің жоғарылауымен қатар жүрді. Рисперидон қабылдаған пациенттер арасында өлім-жітім плацебо тобындағы 3.1% - бен салыстырғанда 4%-ды құрады.

Цереброваскулярлық жағымсыз реакциялар

Рисперидонды, арипипразолды және оланзапинді қоса алғанда, кейбір атипті психозға қарсы дәрілерді қабылдау кезінде деменцияға шалдыққан егде жастағы пациенттерде рандомизацияланған плацебо бақыланатын клиникалық зерттеулерде цереброваскулярлық жағымсыз реакциялардың пайда болу қаупінің шамамен үш есе жоғарылауы байқалды. Бұл қауіптің жоғарылау механизмі белгісіз.

Паркинсон ауруы және Леви денешіктерімен деменция

Дәрігерлерге Паркинсон ауруы немесе Леви денешігі бар деменцияға шалдыққан пациенттерге Бианли препаратын тағайындау кезінде ықтимал қауіптер мен артықшылықтарды мұқият бағалау ұсынылады, себебі пациенттердің екі тобы да қатерлі нейролептикалық синдромның жоғары қаупіне ұшырауы мүмкін, сондай-ақ психозға қарсы препараттарға сезімталдығы жоғары болуы мүмкін. Осы жоғары сезімталдықтың көріністеулеріне экстрапирамидалық симптомдарға қосымша түрде сананың шатасуы, ауырсыну сезімталдығының көмескіленуі, жиі құлаумен постуральді тұрақсыздық кіруі мүмкін.

Приапизм

Альфа-адренергиялық рецепторларды бөгеу қабілеті бар психозға қарсы дәрілік препараттарды (оның ішінде палиперидонды) қолдану приапизмді туындатқаны хабарланды. Егер приапизм 4 сағат ішінде жойылмаса, пациенттерді шұғыл медициналық көмекке жүгіну қажеттілігі туралы хабардар ету керек.

Дене температурасының реттелуі

Дене температурасын төмендетуге организм қабілетінің нашарлауы психозға қарсы дәрілік препараттарды қолданумен байланысты. Бианли препаратын дене температурасының көтерілуіне ықпал ететін жағдайларда қалуы мүмкін пациенттерге тағайындағанда сақ болу ұсынылады, мысалы, күшейтілген дене жүктемесі, жоғары температураның әсері, антихолинергиялық белсенділігі бар дәрілік препараттармен бірге қолданған кезде немесе сусыздану кезінде.

Веналық тромбозмболия (ВТЭ)

Психозға қарсы препараттармен емдеу кезінде веноздық тромбозмболия жағдайлары туралы хабарланды. Психозға қарсы препараттарды қабылдайтын пациенттерде веналық тромбозмболияның пайда болу қаупі факторларының болуы жиі байқалатындықтан, Бианли препаратымен емдеу басталғанға дейін және кезінде ВТЭ қаупінің барлық ықтимал факторларын анықтау және алдын алу шараларын қабылдау керек.

Құсуға қарсы әсері

Палиперидонның клиникаға дейінгі зерттеулерінде құсуға қарсы әсері байқалды. Бұл әсердің көріністелуі белгілі бір дәрілік препараттармен артық дозалану белгілері мен симптомдарын немесе ішектің бітелуі, Рейе синдромы және ми ісігі секілді жағдайларды бүркемелеуі мүмкін.

Препаратты енгізу

Бианли препаратын қантамырға кездейсоқ енгізуді болдырмау үшін сақтық шараларын ұстану қажет.

Босаң нұрлы қабықтың интраоперациялық синдромы

Босаң нұрлы қабықтың интраоперациялық синдромы Бианли препараты сияқты $\alpha 1$ -адренорецептор антагонистерімен ем алған пациенттерде катарактаны алып тастау бойынша операция кезінде пациенттерде байқалды (4.8-бөлімді қараңыз).

Босаң нұрлы қабықтың интраоперациялық синдромы операция кезінде және одан кейін көздің асқыну қаупін арттыруы мүмкін. Операция басталғанға дейін офтальмолог-хирургты қазіргі уақытта немесе бұрын $\alpha 1$ -адренорецепторлар антагонистерінің қасиеттеріне ие дәрілік заттарды қолданғаны туралы хабардар ету қажет. Катарактаны алып тастау бойынша операция алдында $\alpha 1$ -адренорецепторлардың антагонистерімен емдеуді тоқтатудың әлеуетті пайдасы анықталмаған және психозға қарсы препараттармен жүргізілетін емді тоқтатумен байланысты қауіптерді ескере отырып, бағалануы тиіс.

Қосымша заттар

Бұл дәрілік препараттың құрамында бір дозаға 1 ммольден аз (23 мг) натрий бар, яғни құрамында іс жүзінде натрий жоқ.

4.5. Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесудің басқа түрлері

Бианли препаратын QT аралығын ұзартатын дәрілік препараттармен, мысалы, 1А класының (мысалы, хинидинмен, дизопирамидпен) және III класының аритмияға қарсы препараттарымен (мысалы, амиодаронмен, соталолмен), кейбір антигистаминдік препараттармен, антибиотиктермен (мысалы, фторхинолондармен), кейбір басқа антипсихотиктермен және кейбір безгекке қарсы препараттармен (мысалы, мефлохинмен)

тағайындағанда сақ болу ұсынылады. Бұл тізім болжалды сипатқа ие және толыққанды болып табылмайды.

Бианли препаратының басқа дәрілік препараттарға әсер ету ықтимал қабілеті

Палиперидон Р450 цитохромының изоферменттерімен метаболизденетін дәрілік заттармен клиникалық маңызды фармакокинетикалық өзара әрекеттесуді туындатады деп күтілмейді.

Палиперидон негізінен ОЖЖ-ға әсер ететіндігін ескере отырып (4.8-бөлімді қараңыз), Бианли препаратын транквилизаторлар, психозға қарсы дәрілердің көпшілігі, ұйықтататын дәрілер, апиындар және т. б. сияқты орталықтан әсер ететін басқа препараттармен немесе алкогольмен біріктірілімде сақтықпен қолдану қажет.

Палиперидон леводопаның антагонисі және дофаминдік рецепторлардың басқа агонистері ретінде әсер ете алады. Егер осы біріктірілім қажет деп есептелсе, атап айтқанда Паркинсон ауруының соңғы сатысында әрбір препараттың ең төменгі тиімді дозасын тағайындау керек.

Ортостатикалық гипотензияны туындатуы әлеуетті қабілетінің салдарынан (4.4-бөлімді қараңыз), Бианли препаратын осы әсерді әлеуетті түрде туындатуға қабілетті басқа дәрілік препараттармен, мысалы, басқа антипсихотиктермен, трициклді антидепрессанттармен бірге қолданғанда аддитивті әсер орын алуы мүмкін.

Палиперидонды құрысу шегін төмендетуге қабілетті басқа дәрілік препараттармен (мысалы, фенотиазиндермен немесе бутирофенондармен, трициклді антидепрессанттармен немесе серотонинді қайта қармаудың селективті тежегіштерімен, трамадолмен, мефлохинмен және т. б.) сақтықпен біріктіріп қолдану керек.

Тепе-тең жағдайда босап шығуы ұзаққа созылатын пероральді палиперидонды (күніне 1 рет 12 мг) босап шығуы ұзаққа созылатын натрий дивалпроексі таблеткаларымен (күніне 1 рет 500-2000 мг) біріктірілімде қолдану вальпроаттың фармакокинетикасына тепе-тең жағдайда әсер еткен жоқ.

Бианли препаратының литиймен өзара әрекеттесуіне зерттеу жүргізілмеген, алайда, фармакокинетикалық өзара әрекеттесу ықтималдылығы аз.

Басқа дәрілік заттардың Бианли препаратына әлеуетті әсері

In vitro зерттеулері палиперидон метаболизміне CYP2D6 және CYP3A4 ең аз қатысуын анықтады, алайда бұл изоферменттердің *in vitro* немесе *in vivo* палиперидонның метаболизмінде маңызды рөл атқаратындығы туралы ешқандай дәлел жоқ. Пероральді палиперидонды CYP2D6 изоферментінің белсенді тежегіші пароксетинмен бірге қолдану палиперидонның фармакокинетикасына клиникалық маңызды әсерін көрсеткен жоқ.

Тәулігіне 2 рет 200 мг карбамазепинмен босап шығуы ұзаққа созылатын пероральді палиперидонды бірге қолдану палиперидонның C_{max} және AUC шамамен 37%-ға төмендеуіне әкелді. Бұл төмендеу айтарлықтай дәрежеде бүйрек Р-гликопротеин карбамазепинінің индукциясы нәтижесінде палиперидон бүйрек клиренсінің 35%-ға артуымен байланысты болуы мүмкін. Несеппен өзгермеген түрде бөлінетін әсер етуші зат мөлшерінің аздап төмендеуі бірлесіп қолданған кезде карбамазепин CYP арқылы метаболизмге немесе палиперидонның биожетімділігіне болмашы әсер етеді деп болжауға мүмкіндік береді. Палиперидонның плазмалық концентрациясының едәуір төмендеуі карбамазепиннің жоғары дозаларында пайда болуы мүмкін. Карбамазепинмен емдеудің басында Бианли препаратының дозасын қайта бағалау және қажет болған жағдайда, оны арттыру керек. Керісінше, карбамазепинді тоқтатқан кезде Бианли препаратының дозасы қайта бағалануы және қажет болған жағдайда, азайтылуы тиіс. Бианли препаратының ұзаққа созылатын босап шығуын ескеру қажет.

12 мг бір реттік дозада босап шығуы ұзаққа созылатын пероральді палиперидон таблеткаларын босап шығуы ұзаққа созылатын натрий дивалпроексі таблеткаларымен (күніне бір рет 500-ден екі таблетка) мүмкін пероральді сіңірілудің жоғарылауы нәтижесінде

палиперидонның $C_{\max}$ және AUC шамамен 50%-ға жоғарылауына әкеп соққан. Жалпы клиренске ешқандай әсер ету байқалмағандықтан, босап шығуы ұзаққа созылатын натрий дивалпроксі таблеткалары мен бөксе бұлшықетіне жасалатын Бианли препаратының бұлшықетішілік инъекциясы арасында клиникалық маңызды өзара әрекеттесу күтілмейді. Аталған өзара әрекеттесу Бианли препараты үшін зерттелмеген.

Бианли препаратын рisperидонмен немесе пероральді палиперидонмен біріктіріп қолдану

Палиперидон рisperидонның негізгі белсенді метаболиті болып табылатындықтан, Бианли препаратын рisperидонмен немесе пероральді палиперидонмен ұзақ уақыт бойы біріктіріп қолданған кезде сақтық таныту керек. Бианли препаратын психозға қарсы басқа препараттармен біріктіріп қолдануды қамтитын қауіпсіздік туралы деректер шектеулі.

Бианли препаратын психостимуляторлармен біріктіріп қолдану

Психостимуляторларды (мысалы, метилфенидатты) палиперидонмен біріктіріп қолдану бір немесе екі препараттың дозасының өзгеруі аясында экстрапирамидалық симптомдардың туындауына әкеп соғуы мүмкін (4.4-бөлімді қараңыз).

4.6. Фертильділік, жүктілік және лактация

Бала туу әлеуеті сақталған әйелдер

Бианли препаратын бір рет енгізгеннен кейін плазмадағы палиперидонның белгілі бір деңгейі болжалды түрде 4 жылға дейін сақталады (5.2-бөлімді қараңыз). Мұны бала туу жасындағы әйелдерді емдер алдында ескерген жөн, атап айтқанда, келешектегі жүктілік немесе бала емізу мүмкіндігін қарастыру қажет. Жүкті болуды жоспарлаған әйелдерде Бианли препаратын қажет болған жағдайда ғана қолдану керек.

Жүктілік

Жүктілік кезінде палиперидонды қолдану жөнінде талапқа сай деректер жоқ. Палиперидон пальмитатын бұлшықет ішіне енгізу және палиперидонды пероральді қабылдау жануарларға жүргізілген зерттеулерде тератогендік әсер етпеді, бірақ репродуктивті уыттылықтың басқа да түрлері байқалды (5.3-бөлімді қараңыз). Жүктіліктің үшінші триместрінде палиперидон әсеріне ұшыраған жаңа туған нәрестелерде экстрапирамидалық симптомдарды және/немесе босанудан кейінгі ауырлық дәрежесі мен ұзақтығы бойынша ерекшеленуі мүмкін, тоқтату синдромын қоса алғанда, жағымсыз реакциялардың пайда болу қаупі бар. Ажитация, гипертензия, гипотензия, тремор, ұйқышылдық, респираторлық дистресс-синдром немесе тамақтану мінез-құлқының бұзылу жағдайлары туралы хабарланды. Осы себепті жаңа туған нәрестелердің жағдайын мұқият бақылау керек.

Палиперидон плазмада 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитатының бір реттік дозасын енгізгеннен кейін 18 айға дейін анықталған. Бианли препаратын бір рет енгізгеннен кейін плазмадағы палиперидонның әсері шамамен 4 жылға дейін сақталады деп күтілуде (5.2-бөлімді қараңыз). Бианли препаратын жүктілікке дейін және жүктілік кезінде қолдану жаңа туған нәрестеде жағымсыз реакцияларға әкелуі мүмкін. Егер орынды қажеттілігі болмаса, Бианли препаратын жүктілік кезінде қолдануға болмайды.

Лактация

Емізетін әйелде палиперидонның емдік дозаларын қолданғанда, соңғысы емізілетін балаға әсер етуі мүмкін мөлшерде емшек сүтімен бөлінеді. Бианли препаратын бір рет енгізгеннен кейін оның плазмадағы деңгейі 4 жылға дейін сақталуы болжанатындықтан (5.2-бөлімді қараңыз), емшек еметін сәбилерде тіпті Бианли препаратын емшекпен емізуге дейін көп уақыт қолданғанда да жағымсыз реакциялардың даму қаупі болуы мүмкін. Қазіргі уақытта ем

қабылдап жүрген немесе соңғы 4 жыл бойы Бианли препаратын қабылдап жүрген пациенттер емшекпен емізбеуі тиіс.

Фертильділігі

Клиникаға дейінгі зерттеулерде маңызды әсерлер байқалмады.

4.7. Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне әсер ету

Палиперидон тыныштандыратын әсер, ұйқышылдық, естен тану, көрудің бұлыңғырлануы сияқты жүйке жүйесі мен көру функцияларына әсер етуі мүмкін болғандықтан, көлік құралдарын басқаруға және механизмдермен жұмыс істеуге болмашы немесе орташа әсер етуі мүмкін (4.8-бөлімді қараңыз). Сондықтан пациенттерге Бианли препаратына олардың жеке сезімталдығы анықталғанға дейін көлік құралын басқарудан және механизмдермен жұмыс істеуден бас тарту ұсынылады.

4.8. Жағымсыз реакциялар

Қауіпсіздік бейінінің түйіндемесі

Бианли препаратын рандомизацияланған салыстырмалы жасырын белсенді бақыланатын клиникалық зерттеуде пациенттердің $\geq 5\%$ -ында байқалған анағұрлым жиі жағымсыз реакциялар: жоғарғы тыныс алу жолдарының инфекциялары, инъекция орнындағы реакциялар, дене салмағының артуы, бас ауыруы және паркинсонизм.

Жағымсыз реакциялардың кестелік түйіндемесі

Төменде палиперидон пальмитатымен клиникалық зерттеулердің нәтижелері бойынша бағаланған жиілік санаттары бойынша палиперидонды қолдануға байланысты хабарланған барлық жағымсыз реакциялар келтірілген. Жағымсыз құбылыстардың жиілігін анықтау келесі критерийлерге сәйкес келтіріледі: *өте жиі* ($\geq 1/10$), *жиі* ($\geq 1/100$ және $< 1/10$), *жиі емес* ($\geq 1/1000$ және $< 1/100$), *сирек* ($\geq 1/10000$ және $< 1/1000$), *өте сирек* ($< 1/10000$), *белгісіз* (қолда бар деректер негізінде бағалау мүмкін емес).

Жиіліктің әрбір санаты шеңберінде жағымсыз реакциялар ауырлық дәрежесінің кему тәртібімен атап көрсетілген

Жүйелік-ағзалық класс	Препараттың жағымсыз реакциялары				
	Жиілігі				
	Өте жиі	Жиі	Жиі емес	Сирек	Белгісіз ^a
Инфекциялық және паразиттік аурулар		жоғарғы тыныс алу жолдарының инфекциялары, несеп шығару жолдарының инфекциялары, тұмау	пневмония, бронхит, тыныс алу жолдарының инфекциясы, синусит, цистит, құлақ инфекциялары, тонзиллит, онихомикоз, целлюлит, тері асты абсцесі	көз инфекциялары, акародерматит	

Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар			лейкоциттер санының төмендеуі, анемия	нейтропения, тромбоцитопения, эозинофилдер санының артуы	агранулоцитоз
Иммундық жүйе тарапынан бұзылулар			аса жоғары сезімталдық		анафилактикалық реакция
Эндокринді жүйе тарапынан бұзылулар		гиперпролактинемия ^b		антидиурездік гормон секрециясының бұзылуы, несепте глюкозаның болуы	
Зат алмасу және тамақтану тарапынан бұзылулар		гипергликемия, дене салмағының артуы, дене салмағының төмендеуі, тәбеттің төмендеуі	қант диабеті ^d , гиперинсулинемия, тәбеттің жоғарылауы, анорексия, қандағы триглицеридтер деңгейінің жоғарылауы, қандағы холестерин деңгейінің жоғарылауы	диабеттік кетоацидоз, гипогликемия, полидипсия	судан уыттану
Психиканың бұзылуы	Ұйқысыздық ^e	ажитация, депрессия, үрейлену	ұйқының бұзылуы, мания, либидоның төмендеуі, күйгелектік, қорқынышты түстер	кататония, сананың шатасуы, сомнамбулизм, жазық аффект, аноргазмия	түнгі ұйқы кезінде тамақтанудың бұзылуы

Жүйке жүйесінің бұзылуы		паркинсонизм ^c , акатизия ^c , тыныштандыру/ ұйқышылдық, дистония ^c , бас айналу, дискинезия ^c , тремор, бас ауыруы	кеш тану, психомоторлық аса жоғары белсенділік, постуральді бас айналу, зейін қоюдың бұзылуы, дизартрия, дисгевзия, гипестезия, парестезия	ық синдром, церебральді ишемия, тітіркендіргіштерге реакцияның болмауы, естен айырылу, сананың көмескі деңгейі, құрысулар ^e , тепе-теңдіктің бұзылуы, қимыл үйлесімінің бұзылуы, бастың дірілдеуі	диабеттік кома
Көру мүшесі тарапынан бұзылулар			көрудің бұлыңғырлануы, конъюнктивит, көздің құрғауы	глаукома, көз қимылының бұзылуы, көз алмаларының шеңберлі қимылы, көз қарығу, көзден жас ағудың артуы, көз гиперемиясы	босаң нұрлы қабық синдромы (интраоперациялық)
Есту және тепе-теңдік мүшелері тарапынан бұзылулар			вертиго, құлақтағы шуыл, құлақтың ауыруы		

Жүрек тарапынан бұзылулар		тахикардия	атриовентрикулярлық блокада, өткізгіштіктің бұзылуы, электрокардиограммадағы QT аралығының ұзаруы, постуральді ортостатикалық тахикардия синдромы, брадикардия, электр кардиограммадағы бұзылулар, пальпитациялар	жүрекшелер фибрилляциясы, синусты аритмия	
Қантамырлар тарапынан бұзылулар		гипертензия	гипотензия, ортостатикалық гипотензия	өкпе эмболиясы, веналар тромбозы, қызару	ишемия
Тыныс алу жолдары, кеуде қуысы ағзалары және көкірек ортасы тарапынан бұзылулар		жөтел, мұрынның бітелуі	ентігу, фаринголарингеальді ауырсыну, мұрыннан қан кету	ұйқыдағы апноэ синдромы, өкпедегі іркілісті құбылыстар, тыныс алу жолдарындағы іркілісті құбылыстар, сырыл, ысқырықты дем	аса жоғары желдету, аспирациялық пневмония, дисфония
Асқазан-ішек бұзылыстары		іштің ауыруы, жүрек айнуы, құсу, іш қату, диарея, диспепсия, тіс ауыруы	іштегі жайсыздық, гастроэнтерит, дисфагия, ауыздың құрғауы, метеоризм	панкреатит, ішек обструкциясы, тілдің ісінуі, нәжістің тоқтамауы, фекалома, хейлит	ішектің бітелуі

Бауыр мен өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар		трансаминазалар деңгейінің жоғарылауы	гамма-глутамил-трансфераза деңгейінің жоғарылауы, бауыр ферменттері деңгейінің жоғарылауы		сарғаю
Тері және теріасты шелінің тарапынан бұзылулар			бөртпе, қышыну, есекжем, алопеция, экзема, терінің құрғауы, эритема, акне	дәрілік бөртпе, гиперкератоз, себореялық дерматит, қайызғақ	Стивенс-Джонсон синдромы / уытты эпидермальді некролиз, ангионевроздық ісіну, тері түсінің өзгеруі
Қаңқа бұлшықеті және дәнекер тін тарапынан бұзылулар		қаңқа-бұлшықет ауыруы, арқаның ауыруы, артралгия	қандағы креатинфосфокиназа деңгейінің жоғарылауы, бұлшықеттің түйілуі, буын қозғалысының шектелуі, бұлшықет әлсіздігі	рабдомиолиз, буындардың ісінуі	мүсіннің бұзылуы
Бүйрек және несеп шығару жолдарының тарапынан бұзылулар			несеп ұстамау, полла-киурия, дизурия	несеп шығару іркілісі	
Жүктілік, босанғаннан кейінгі және перинаталды жай-күйлер					жаңа туған нәрестелердегі тоқтату синдромы (4.6-бөлімді қараңыз)

Жыныс мүшелері мен сүт безі тарапынан бұзылулар		аменорея	эректильді дисфункция, эякуляцияның бұзылуы, етеккір оралымының бұзылуы ^е , гинекомастия, галакторея, сексуалдық дисфункция, сүт бездеріндегі ауырсыну	приапизм, сүт бездерінің жайсыздығы, сүт бездерінің қатаюы, емшектің ұлғаюы, қынаптық бөлінділер	
Жалпы бұзылыстар және енгізу орнындағы бұзылулар		гипертермия, астения, қажу, енгізу орнындағы реакциялар	беттің ісінуі, ісінуі ^е , дене температурасының жоғарылауы, жүрістің бұзылуы, кеуденің ауыруы, кеудедегі жайсыздық, жалпы дімкәстік, тығыздану	гипотермия, қызба, шөлдеу, препаратты тоқтату синдромы, инъекция орнындағы абсцесс, инъекция орнындағы целлюлит, инъекция орнындағы киста, инъекция орнындағы гематома	дене температурасының төмендеуі, инъекция орнындағы некроз, инъекция орнындағы ойық жара
Жарақаттар, улану және емшаралардың асқынулары			құлау		

^a Жағымсыз реакциялардың жиілігі "белгісіз" деп айқындалады, өйткені бұл реакциялар палиперидон пальмитатының клиникалық зерттеулері кезінде байқалмаған. Деректер тіркеуден кейінгі қадағалаудың өздігінен келіп түскен хабарламаларынан алынды және олардың жиілігін анықтау мүмкін емес немесе олар рисперидонды (кез-келген түрдегі) немесе палиперидонды пероральді қолдану үшін тіркеуден кейінгі бақылау зерттеулерінен/есептерінен алынды.

^b Төмендегі "Гиперпролактинемия" қараңыз.

^c Төмендегі "Экстрапирамидалық симптомдар" қараңыз.

^d Плацебо-бақыланатын зерттеулерде қант диабеті плацебо тобындағы 0.39% - бен салыстырғанда 1 айлық инъекциялық палиперидон пальмитатын алған пациенттердің 0.32% - ында байқалды. Барлық клиникалық сынақтардың жиынтық деректерінен жалпы жиілік 1 айлық палиперидон пальмитатын қабылдаған барлық субъектілерде 0.65%-ды құрады.

^e **Ұйқысыздық:** ұйқының бұзылуын, интрасомниялық бұзылысты қамтиды; **Құрысулар:** ауқымды құрысу ұстамасын қамтиды; **Ісіну:** жайылған ісінуді, шеткері ісінуді, жұмсақ ісінуді қамтиды; **Етеккір оралымының бұзылуы:** етеккір оралымының бұзылуын, етеккірдің тұрақты келмеуін, олигоменореяны қамтиды.

Рисперидонды қолдану кезінде байқалған жағымсыз реакциялар

Палиперидон рисперидонның белсенді метаболиті болып табылады, сондықтан осы препараттардың жағымсыз реакцияларының бейіндері (пероральді және инъекциялық дәрілік түрлерді қоса алғанда) дәрілік заттардың екеуіне де қатысы бар.

Жекелеген жағымсыз реакциялардың сипаттамасы

Анафилаксиялық реакция

Сирек жағдайларда бұрын пероральді рисперидон немесе пероральді палиперидон қабылдаған пациенттерде тіркеуден кейінгі қолдану барысында 1 айлық инъекциялық палиперидон пальмитатын қолданғаннан кейін анафилаксиялық реакциялар туралы хабарланды (4.4-бөлімді қараңыз).

Инъекция орнындағы реакциялар

Бианли препаратының клиникалық сынақтарында пациенттердің 10.7% - ы инъекция енгізілген жерге байланысты жағымсыз реакция туралы хабарлады (салыстыру препаратын алған пациенттердің 4.5% - ы - 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитаты). Бұл жағдайлардың ешқайсысы ауыр болған жоқ және препараттың тоқтатылуына әкелген жоқ. Зерттеушілердің пікірінше, жағдайлардың ≥95% - ында тығыздану, қызару және домбығу болмаған немесе орташа болған. Визуалды ұқсас шкала негізінде жасалған инъекция орнындағы ауырсынуды бағалау уақыт өте келе төмен ауырсыну деңгейін және оның қарқындылығының төмендеуін көрсетті.

Экстрапирамидалық симптомдар

Бианли препаратымен клиникалық сынақтарда акатизия, дискинезия, дистония, паркинсонизм және тремор пациенттердің 3.6%, 1.5%, 0.6%, 5.0% және тиісінше 0.2%-ында байқалған.

Экстрапирамидалық симптомдар келесі терминдерді біріктіріп талдау арқылы бағаланды: паркинсонизм (экстрапирамидалық бұзылыстарды, экстрапирамидалық симптомдарды, "қосу-өшіру" феноменін, Паркинсон ауруын, паркинсонизмдік дағдарысты, сілекей гиперсекрециясын, қимыл-қозғалыс аппаратының қимыл шектелісін, "тісті дөңгелек" типі бойынша сіресуді, брадикинезияны, гипокинезияны, маска тәрізді бетті, бұлшықеттің ширығуын, акинезияны, шүйде бұлшықеттерінің сіресуін, паркинсонизмдік жүріс-тұрысты, аномальді глабеллярлы рефлекс пен паркинсонизмдік треморды қамтиды), акатизия (акатизияны, мазасыздықты, гиперкинезияны және мазасыз аяқ синдромын қамтиды), дискинезия (дискинезия, хорей, қозғалыс бұзылыстары, бұлшықеттің тартылуы, хореоатетоз,

атетоз және миоклонус), дистония (дистонияны, омыртқа бағанының мойын бөлімінің спазмын, эмпростотонусты, окулогирлік криз, оромандибулярлы дистония, келекету әжімін, тетанияны, гипертонусты, қисық мойынды, бұлшықеттің еріксіз жиырылуын, бұлшықеттің контрактурасын, блефароспазмды, көз алмаларының айналма қозғалысын, тілдің салдануын, бет спазмын, ларингоспазмды, миотонияны, опистотонусты, ауыз-жұтқыншақ спазмын, бұлшықеттің үлкен жиырылу жағына қарай дененің қисаюын, тіл спазмы мен тризмді қамтиды) және тремор (треморды, әрекет треморын қамтиды).

Дене салмағының өзгеруі

Бианли препаратын 12 айлық клиникалық зерттеуде салыстырмалы жасырын кезеңнің бастапқы бағасынан салыстырмалы жасырын кезеңнің соңына дейін дене салмағының патологиялық пайыздық өзгерісі бар қатысушылар саны төмендегі кестеде келтірілген. Салыстырмалы жасырын кезеңнің бастапқы бағасынан оның аяқталуына дейінгі дене салмағының жалпы орташа өзгеруі Бианли тобында +0.10 кг және 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитаты тобында +0.96 құрады. 18-25 жастағы пациенттерде Бианли тобындағы дене салмағының орташа (SD) өзгеруі -0.65 (4.955) кг, ал 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитаты тобында +4.33 (7.112) кг құрады. Артық дене салмағы бар пациенттерде (АДС 25-тен < 30-ға дейін) Бианли тобында дене салмағының орташа өзгеруі -0.53 кг, ал 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитаты тобында +1.15 кг құрады.

Бастапқы мәннен (салыстырмалы жасырын емдеу кезеңінде) оның аяқталуына дейін дене салмағының патологиялық пайыздық өзгеруі бар пациенттер саны

Дене салмағының пайыздық өзгеруі	ЗАПП ¹ (N=219)	Бианли (N=473)
≥ 7% төмендеу	15 (6.8%)	43 (9.1%)
≥ 7% ұлғаю	29 (13.2%)	50 (10.6%)

¹ ЗАПП - 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитаты

Гиперпролактинемия

Бианки препаратын 12 айлық клиникалық зерттеуде салыстырмалы жасырын кезеңдегі бастапқы мәндерден пролактин деңгейінің орташа (SD) өзгеруі 6 айлық инъекциялық палиперидон пальмитаты тобындағы ерлерде -2.19 (13.61) мкг/л және әйелдерде -4.83 (34.39) мкг/л құрады және 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитаты тобындағы әйелдерде 9.03 (40.94) мкг /л құрады. Салыстырмалы жасырын фазада 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитаты тобындағы 3 әйелде (4.3%) және 6 айлық инъекциялық палиперидон пальмитаты тобындағы 5 әйелде (3.3%) аменорея байқалды.

Класс-спецификалық әсерлер

Психозға қарсы препараттарды қабылдау кезінде мыналар байқалуы мүмкін: QT аралығының ұзаруы, қарыншалық аритмия, (қарыншалық фибрилляция, қарыншалық тахикардия), кенеттен болған түсініксіз өлім, жүректің тоқтап қалуы және "пируэт" типі бойынша қарыншалық тахикардия.

Психозға қарсы дәрілік заттарды қабылдау кезінде өкпе эмболиясы мен терең веналар тромбозы жағдайларын қоса, веналық тромбоэмболия жағдайлары туралы хабарланды (жиілігі белгісіз).

Күмән келтіретін жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Препараттың "пайда – қауіп" арақатынасының үздіксіз мониторингін қамтамасыз ету мақсатында препаратты тіркегеннен кейін күмән келтіретін жағымсыз реакциялар туралы хабарлау маңызды. Медицина қызметкерлеріне дәрілік препараттың кез келген күмән келтіретін жағымсыз реакциялары туралы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше

мемлекеттердің жағымсыз реакциялар туралы ұлттық хабарлау жүйелері арқылы хабарлау ұсынылады.

Қазақстан Республикасы

Мекенжайы: Астана қ., 010000, А. Иманов к-сі, 13

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы" ШЖҚ РМК

pdlc@dari.kz

Тел.: +7 (7172) 78-98-28

"Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі сайт: www.ndda.kz

Ресей Федерациясы

Мекенжайы: 109012, Мәскеу, Славян алаңы, 4 үй, құр. 1

Денсаулық сақтау саласындағы федералды қадағалау қызметі (Росздравнадзор)

Тел.: +7 (495) 698-45-38, +7 (499) 578-02-30

Электронды пошта: pharm@roszdravnadzor.gov.ru

<https://roszdravnadzor.gov.ru>

4.9. Артық дозалануы

Симптомдары

Жалпы, күтілетін белгілер мен симптомдар – бұл палиперидонның белгілі фармакологиялық әсерінің күшеюінен туындайтын симптомдар, мысалы, ұйқышылдық және тыныштандыратын әсер, тахикардия және артериялық гипотензия, QT аралығының ұзаруы және экстрапирамидалық симптомдар. "Пируэт" типті қарыншалық тахикардия және қарыншалық фибрилляция пациентте палиперидонның пероральді түрімен артық дозаланғанда байқалды. Жедел артық дозалану жағдайында бірнеше препаратты қабылдаудан артық дозалану ықтималдығын ескеру керек.

Емі

Емдеу және қалпына келтіру қажеттілігін бағалау кезінде дәрілік препараттың әсер ету ұзақтығына және палиперидонның жартылай шығарылуының ұзақ кезеңіне назар аудару қажет. Палиперидонға спецификалық антидот жоқ. Жалпы демеуші шараларды қабылдау қажет. Оттегінің талапқа сай келіп түсуі мен желдетуді қамтамасыз ету мақсатында тыныс алу жолдарының бос өткізгіштігі үшін жағдай жасау қажет.

Ықтимал аритмияны анықтау үшін ЭКГ тұрақты мониторингін қоса алғанда, жүрек-қантамыр жүйесінің функциясын бақылауды дереу бастау қажет. Тамырлық коллапс пен артериялық қысым төмендеген жағдайда тиісті шаралар қабылдау керек, мысалы, ерітінділерді және/немесе симпатомиметиктерді вена ішіне енгізу. Ауыр экстрапирамидалық симптомдар дамыған кезде антихолинергиялық препараттар қолданылады. Пациенттің жағдайы қалпына келгенше тұрақты медициналық бақылау мен мониторингілеуді жалғастыру керек.

5. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

5.1. Фармакодинамикалық қасиеттері

Фармакотерапиялық тобы: Жүйке жүйесі. Психолептиктер. Антипсихотиктер. Басқа антипсихотиктер. Палиперидон.

АТХ коды: N05AX13

Әсер ету механизмі

Палиперидон фармакологиялық қасиеттері дәстүрлі нейролептиктерден ерекшеленетін моноаминергиялық рецепторлардың селективті блокаторы болып табылады. Палиперидон серотонинергиялық 5-HT₂ және дофаминергиялық D₂-рецепторларымен тығыз байланысады.

Палиперидон сонымен қатар альфа 1-адренорецепторларды және біршама әлсіз Н1-гистамин рецепторларын және альфа 2-адренорецепторларды бөгейді. Палиперидон энантиомерлерінің фармакологиялық белсенділігі (+) және (-) сапалық және сандық жағынан бірдей.

Палиперидон холинергиялық рецепторлармен байланыспайды. Палиперидон шизофрения симптомдарын жеңілдететін D2-рецепторларының күшті антагонисі болып табылса да, ол аз дәрежеде каталепсияға әкеп соғады және дәстүрлі нейролептиктермен салыстырғанда қозғалыс функцияларын төмендетеді. Орталық серотонин антагонизмінің үстемдігі палиперидонның экстрапирамидалық жағымсыз әсерлерін туындату қабілетін төмендетуі мүмкін.


Клиникалық тиімділігі

1 айлық инъекциялық палиперидон пальмитатымен кем дегенде төрт ай бойы немесе 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитатының 1 циклдык инъекциясымен қажетті ем қабылдаған пациенттерде шизофренияны демеуші ем ретінде Бианли препаратының тиімділігі 3-ші фазада, рандомизацияланған салыстырмалы жасырын, белсенді-бақыланатын интервенциялық көп орталықты зерттеуде ересек пациенттердегі ең болмағанда бірдей тиімділікті растау үшін параллель топтарда бағаланды. Бастапқы соңғы нүкте қайталануға дейінгі уақыт болды.

Зерттеу ашық фазадан тұрды, оған скрининг, өтпелі және демеуші фазалар қамтылды, содан кейін 12 айлық салыстырмалы жасырын фаза болды, мұнда пациенттер Бианли препаратын немесе 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитатын алу үшін рандомизацияланды. Тиісті ем қабылдаған 702 пациент Бианли препаратын (478 пациент) немесе 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитатын (224 пациент) алу үшін 2:1 қатынасында рандомизацияланды. Пациенттер не Бианли препаратын инъекциялаудың 2 циклын (барлығы 4 инъекция; Бианли препаратын плацебомен кезектестіру), не зерттеудің 12 айы ішінде инъекциялар арасында жүйелі жоспарлы барумен 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитатының 4 инъекциясын алды. Салыстырмалы жасырын фаза кезінде дозаны түзетуге рұқсат етілмеді. Пациенттер қайталану басталғанға дейін, емді тоқтату / зерттеуден шығып қалу критерийлерін орындағанға дейін немесе зерттеудің соңына дейін осы фазаға қатысуды жалғастырды.

Салыстырмалы жасырын емнің 12 айлық кезеңінде қайталану оқиғасы Бианли препаратымен емдеу тобындағы пациенттердің 7.5%-ында және 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитатын алған топтағы пациенттердің 4.9% - ында тіркелді; Каплан-Мейер бойынша есептік айырмашылық (Бианли - 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитаты) 2.9%-ға тең болды (95% СА : -1.1% - дан 6.8% - ға дейін). 1-суретте 700 және 1000 мг Бианли және 350 мг және 525 мг 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитаты үшін рандомизациядан бастап 12 айлық салыстырмалы жасырын белсенді бақыланатын фаза ішінде жақындаған қайталануға дейінгі уақыт үшін Каплан-Мейер кестесі (95% сенімді аралықпен) көрсетілген.

Субъектілердің қайталанусыз есептік пайызы



1-сурет: Қайталанусыз қатысушылардың пайызы үшін Каплан-Мейер қисығы (95% дәл сенімділік аралықпен)

Тиімділік нәтижелері емдеудің екі тобының қосалқы топтарында (жынысы, жасы, нәсілі) бірізді болды.

Бианли препараты тиімділігі бойынша DSM-5 сәйкес шизофрения диагнозы қойылған ересек пациенттерде 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитатынан кем түспейтіні анықталды. 95% ДИ жоғарғы шегі (6.8%) белгіленген кем емес шекті деңгейден аз болды (10%).

Балалар

Еуропалық дәрілік агенттікке шизофренияны емдеу үшін педиатриялық популяцияның барлық түрлерінде жүргізілген Бианли препаратын зерттеу нәтижелерін ұсынбауға рұқсат етілді. Балаларда қолдану туралы ақпарат 4.2-бөлімде қамтылған.

5.2. Фармакокинетикалық қасиеттері

Бианли препаратының фармакокинетикасының сипаттамалары бөксе бұлшықетіне енгізілгеннен кейін ғана ұсынылған.

Сіңуі және таралуы

Суда өте төмен ерігіштігіне байланысты 6 айлық палиперидон пальмитатының түрі бұлшықет ішіне енгізгеннен кейін баяу ериді, содан кейін палиперидонның босап шығуымен және оның жүйелік қанағымға сіңуімен гидролиз жүреді. 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитатын бір рет енгізгеннен кейін әсер етуші заттың босап шығарылуы 1-ші күні-ақ басталады және 18 айға дейін созылады. Бианли препаратының шығарылуы ұзаққа созылады деп болжанады. Плазмадағы палиперидонның концентрациясы Бианли препаратын енгізгеннен кейін небәрі 6 ай бойы зерттелді. Фармакокинетиканы популяциялық модельдеу негізінде палиперидон концентрациясы Бианли препаратын 1000 мг дозада бір рет енгізгеннен кейін шамамен 4 жыл бойы плазмада сақталады деп болжанады. Бианли препаратын 1000 мг дозада бір рет енгізгеннен кейін шамамен 4 жылдан кейін қанда

сақталатын палиперидон концентрациясы төмен болуы мүмкін (орташа тепе-теңдік деңгейінің 1% - нан аз).

Осы бөлімде ұсынылған деректер популяциялық фармакокинетикалық талдауға негізделген. Бианли препаратын бөксе бұлшықетіне 700 және 1000 мг дозада бір рет енгізгеннен кейін плазмадағы палиперидон концентрациясы 33 және тиісінше 35 күндері ең жоғары мәндерге дейін біртіндеп артты. Бианли препаратының босап шығу бейіні мен дозалау режимі 6 ай бойы тұрақты емдік концентрацияларды қамтамасыз етеді. Бианли препаратының C_{max} және $AUC_{6\text{ ай}}$ мәндері шамамен 700-1000 мг ауқымдағы дозаға пропорционалды болды. Орташа тепе-теңдік ең жоғарғы және ең төменгі концентрациялардың қатынасы шамамен 3.0 құрайды.

Рацемиялық палиперидонның плазма ақуыздарымен байланысуы 74%-ды құрайды.

Биотрансформациясы және элиминациясы

Дереу босап шығатын ^{14}C -палиперидонды пероральді қабылдаған зерттеуде дереу босап шығатын 1 мг ^{14}C -палиперидонды бір террік пероральді қабылдағаннан кейін бір аптадан соң енгізілген дозаның 59%-ы несеппен өзгермеген түрде шығарылды; бұл препараттың бауырда маңызды метаболизмінің болмауын көрсетеді. Енгізілген радиоактивті заттың шамамен 80% - ы несепте және 11% - ы нәжісте табылды. *In vivo* препаратының метаболизмінің 4 жолы белгілі, бірақ олардың біреуінде де енгізілетін дозаның 10% - дан астамы болған жоқ: дезалкилдену, гидроксилдену, дегидрогенделу, бензизоксазол тобының бөлінуі. *In vitro* зерттеулері палиперидон метаболизмінде CYP2D6 және CYP3A4 изоферменттерінің белгілі бір рөлін болжауға мүмкіндік берсе де, палиперидон *in vivo* метаболизмінде осы изоферменттердің елеулі рөлі туралы деректер жоқ. Популяциялық фармакокинетикалық талдау препаратты CYP2D6 белсенді және әлсіз метаболизмі бар пациенттердің пероральді қабылдауынан кейін палиперидон клиренсінің елеулі айырмашылығын анықтаған жоқ. Адам бауырының *in vitro* микросомаларын пайдалана отырып жүргізілген зерттеулер палиперидон CYP1A2, CYP2A6, CYP2C8/9/10, CYP2D6, CYP2E1, CYP3A4 және CYP3A5 изоферменттерін қоса алғанда, P450 цитохромының изоферменттерімен метаболизденетін дәрілік заттардың метаболизмін елеусіз тежейтінін көрсетті.

In vitro зерттеулерінде палиперидон Р-гликопротеиннің субстраты, ал жоғары концентрацияда Р-гликопротеиннің әлсіз тежегіші екендігі анықталды. Тиісті *in vivo* деректері жоқ және бұл мәліметтердің клиникалық маңыздылығы белгісіз.

Популяциялық фармакокинетикалық талдауға сүйене отырып, Бианли препаратын бөксе бұлшықетіне 700 мг және 1000 мг дозада енгізгеннен кейін палиперидонның орташа айқын жартылай шығарылу кезеңі есептеулерге сәйкес 148 және сәйкесінше 159 күнді құрайды.

Палиперидонның басқа дәрілік түрлерімен салыстырғанда босап шығуы ұзаққа созылатын 6 айлық палиперидон пальмитатының инъекциясы

Палиперидонды айына 1 рет немесе 3 айда 1 рет енгізуге арналған препараттарға қарағанда Бианли препараты 6 айда бір рет енгізуге арналған, олар препараттың 1 ай және сәйкесінше 3 ай бойы босап шығуын қамтамасыз етеді. Бианли препаратын 700 мг және 1000 мг дозаларда енгізген кезде палиперидон концентрациясына 1 айлық немесе 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитатының тиісті дозасын енгізген кезде немесе тәулігіне бір рет босап шығуы ұзаққа созылатын палиперидон таблеткаларының тиісті бір реттік дозасын қабылдаған кезде қол жеткізілетіндерге ұқсас қол жеткізіледі (4.2-бөлімді қараңыз).

Бауыр жеткіліксіздігі

Палиперидон бауырда айтарлықтай метаболизмге ұшырамайды. Бауыр функциясы бұзылған пациенттерде Бианли препаратын қолдану зерттелмегенімен, жеңіл немесе орташа ауырлық дәрежесіндегі бауыр функциясы бұзылған пациенттерде дозаны түзету талап етілмейді. Орташа ауырлық дәрежесінде бауыр функциясы бұзылған пациенттерде (Чайлд-Пью

шкаласы бойынша В класы) пероральді палиперидонды қолданумен жүргізілген зерттеуде қан плазмасындағы бос палиперидонның концентрациясы дені сау еріктілерде ұқсас концентрацияда болды. Ауыр дәрежеде бауыр функциясы бұзылған пациенттерде палиперидонды қолдану зерттелмеген.

Бүйрек жеткіліксіздігі

Бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде Бианли препаратын жүйелі зерттеу жүргізілмеген. Бүйрек функциясы әртүрлі дәрежеде бұзылған пациенттерде 3 мг босап шығуы ұзаққа созылатын палиперидон таблеткаларын ішке бір рет қабылдағаннан кейін палиперидонның таралуы зерттелген. Креатинин клиренсінің төмендеген сайын палиперидонның шығарылу жылдамдығы төмендеді. Бүйрек функциясы бұзылған пациенттерде палиперидонның жалпы клиренсі жеңіл ауырлық дәрежесі кезінде 32% - ға (креатинин клиренсі 50-ден $\leq$ 80 мл/мин-ге дейін), орташа ауырлық дәрежесі кезінде 64% - ға (креатинин клиренсі 30-дан $\leq$ 50 мл/мин дейін) және ауыр дәрежеде 71% - ға (креатинин клиренсі 10-нан $<$ 30 мл/мин дейін) қысқарды, соның нәтижесінде AUC_{inf} дені сау еріктілермен салыстырғанда 1.5, 2.6 және сәйкесінше 4.8 есе артты.

Егде жастағы адамдар

Популяциялық фармакокинетикалық талдау жасына байланысты фармакокинетикалық айырмашылықтардың дәлелдерін анықтаған жоқ.

Дене салмағының индексі (ДСИ) / дене салмағы

Артық салмағы бар адамдарда, сондай-ақ семіздік болған кезде C_{max} төмендеуі байқалды. Көрінетін тепе-теңдік жағдайындағы ең төменгі қалдық концентрациялар қалыпты дене салмағы мен артық салмағы мен семіздігі бар адамдарда салыстырылады.

Нәсілі

Популяциялық фармакокинетикалық талдау нәсілге байланысты фармакокинетикалық айырмашылықтарды анықтаған жоқ.

Жынысы

Популяциялық фармакокинетикалық талдау жынысына байланысты фармакокинетикалық айырмашылықтарды анықтаған жоқ.

Шылым шегу әсері

Адамның бауыр микросомалары пайдаланылған *in vitro* зерттеулерінің негізінде палиперидон CYP1A2 субстраты болып табылмайды, сондықтан шылым шегу палиперидонның фармакокинетикасына әсер етпеуі керек. Шылым шегудің палиперидон фармакокинетикасына әсері Бианли препаратымен зерттелмеген. Босап шығуы ұзаққа созылатын палиперидонның пероральді таблеткаларымен жүргізілген зерттеулер деректеріне негізделген популяциялық фармакокинетикалық талдау нәтижелері шылым шекпейтіндерге қарағанда шылым шегушілерде палиперидон концентрациясының шамалы төмендегенін көрсетті. Бұл айырмашылықтың клиникалық маңыздылық ықтималдылығы аз.

5.3 Клиникаға дейінгі қауіпсіздік деректері

Егеуқұйрықтар мен иттерге жүргізілген, пероральді енгізілетін палиперидонның және бұлшықет ішіне енгізілетін палиперидон пальмитатының көп реттік дозаларының уыттылық зерттеулері негізінен сүт бездері мен жыныс мүшелеріне тыныштандыратын және пролактинді әсер ету сияқты фармакологиялық әсерлерді көрсетті. Палиперидон пальмитатын қабылдаған жануарларда бұлшықет ішіне жасалған инъекция орнында қабыну реакциясы байқалды. Кейбір жағдайларда абсцесс дамыған.

Егеуқұйрықтар мен адамдарда жоғары дәрежеде палиперидонға айналатын пероральді респеридонды қолдану арқылы егеуқұйрықтарға жүргізілген зерттеулер барысында туылған кездегі салмақпен байланысты, сондай-ақ төлдер өміршеңдігіне қатысты жағымсыз әсерлер

6.6. Пайдаланылған дәрілік препаратты немесе дәрілік препаратты қолданудан немесе онымен жұмыс істеуден кейін алынған қалдықтарды жою кезіндегі айрықша сақтану шаралары және препаратпен басқа да манипуляциялар

Тасымалдау және сақтау кезінде бұл препарат көлденең қалпында болуы керек, бұл жоғары концентрацияланған препараттың қалпына келу қабілетін жақсартады және иненің бітелуіне жол бермейді. Шприцті кем дегенде 15 секунд бойы қатты сілкілеңіз, содан кейін кішігірім үзіліс жасап, содан кейін 15 секунд бойы қайтадан қатты сілкілеңіз. Инъекция жасар алдында суспензияны қарап шығу қажет. Мұқият араластырғаннан кейін сүтті ақ түсті біртекті қалың суспензия алу керек.

Бианли препаратын қолдану және онымен жұмыс істеу жөніндегі толық нұсқаулық қаптамадағы қосымша парақта ұсынылған. Бүкіл қалған дәрілік препарат пен қалдықтарын белгіленген жергілікті ұлттық заңнамалық талаптарға сәйкес жою керек.

7. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ҰСТАУШЫСЫ

"Джонсон & Джонсон" ЖШҚ, Ресей, 121614, Мәскеу қ., Крылатская к-сі, 17 үй, корп. 2.

Байланыс телефондары:

Тел.: (495) 755-83-57

Факс: (495) 755-83-58

Эл. пошта: DrugSafetyRU@ITS.JNJ.com

7.1. ТІРКЕУ КУӘЛІГІН ҰСТАУШЫСЫНЫҢ ӨКІЛІ

Тұтынушылардың шағымдарын мына мекенжайға жолдау керек:

Қазақстан Республикасы

"Джонсон & Джонсон" ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы филиалы

050040, Қазақстан, Алматы қ., Тимирязев к-сі, 42, 23 "А" павильоны

Байланыс телефондары:

Тел.: +7 727 356 88 11

Факс: 7 727 356 88 13

Эл. пошта: DrugSafetyKZ@its.jnj.com

Ресей Федерациясы

"Джонсон & Джонсон" ЖШҚ

121614, Мәскеу, Крылатская көшесі, 17 үй, корп. 2.

Байланыс телефондары:

Тел.: (495) 755-83-57

Факс: (495) 755-83-58

Эл. пошта: DrugSafetyRU@ITS.JNJ.com

8. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ НӨМІРІ

9. БАСТАПҚЫ ТІРКЕУ КҮНІ

Бірінші тіркеу күні:

Соңғы тіркеу (қайта тіркеу) күні:

10. МӘТІННІҢ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН КҮНІ

Бианли дәрілік препаратының жалпы сипаттамасы «Ғаламтор» ақпараттық-коммуникациялық желісіндегі Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық порталында қолжетімді «Интернет» <http://eec.eaeunion.org/>

СООТВЕТСТВУЕТ ЭКСПЕРТНОМУ ОТЧЕТУ
от 24.04.2025 № 10939
(ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНОСТЬ 0005)

ТІГІЛГЕН, НӨМІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ МӨРМЕН
БЕКІТІЛГЕН /
ПРОШИТО, ПРОНУМЕРОВАНО И СКРЕПЛЕНО

ПЕЧАТЬЮ

(на

ПАРАФИСТОВ

КУНИ / ДАТА

